

С.А. Жиренов*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті**Алматы, Қазақстан* <https://orcid.org/0000-0002-4660-0381>*email: saken82@mail.ru***Г.А. Оразова***Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті**Алматы, Қазақстан* <https://orcid.org/0009-0003-6274-825X>*email: gulbanu2590@mail.ru*

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ГИДРОНИМДІК НОМИНАЦИЯНЫҢ ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ СЕМАНТИКАСЫ

Аңдатпа. Қазіргі заманауи отандық тілтаным ғылымында тілді танымдық, ұлттық-мәдени мазмұнда зерттеу жұмыстары басымдыққа ие. Лексикалық жүйедегі жекелеген номинативтік бірліктерді антропоцентристік парадигма аясында зерттеу арқылы ұлттық-мәдени категориялардың кодын (астарын) ашып, мазмұнын түсіндіруде «тіл арқылы әлемді тануға» жол ашады. Қоршаған ортадағы әлемнің бір бөлшегі, лексикалық жүйедегі заттың атауы – гидронимдер. Тілдегі гидронимдер – ұлттың санғасырлық тарихы мен мәдениетін сақтаушы тілдік дереккөз. Гидронимдерді танымдық, ұлттық-мәдени контекстте зерттеу халықтың табиғатпен қарым-қатынасын, мәдени құндылығын және тілдік ерекшелігін түсінуге мүмкіндік береді. Бұл зерттеу ұлттық бірегейлікті, мәдени мұраны тануға, тіл мен мәдениеттің өзара байланысын тереңірек түсінуге ықпал етеді. Мақалада қазақтың ұлттық-мәдени ерекшеліктерін көрсететін «құдық» сөзі арқылы жасалған гидронимдер, құдық атауына негіз болған «шыңырау», «қазған», «қырған», «түскен», «өлген» индикатор-терминдері анықталып, лингвомәдени аспектіде қарастырылады. Зерттеу жұмысының мақсаты – қазақ тіліндегі гидронимдерді ұлттық-мәдени код ретінде талдап, халықтың таным-түсінігі, рухани құндылығы, тарихи жадысымен өзара сабақтастығын көрсетуге негізделеді. Зерттеу барысында Қазақстан Республикасындағы «құдық» индикатор-термині арқылы жасалған нақты 564 гидроним анықталып, этномәдени ерекшеліктерін көрсететін тілдік бірліктер арқылы талданады. «Құдық» термині негізінде қалыптасқан гидронимдердің географиялық таралуы және халықтың тұрмыс-тіршілігіндегі, көркем мәтіндердегі рөлі де талданды. Зерттеу нәтижелері геолінгвистика, лингвомәдениеттану ғылым салаларының аясында ұлттық атауларды қорғау мен сақтау, мәдени мұраны насихаттау саласына үлес қоса алады.

Түйінді сөздер: гидроним, номинация, құдық, тілтаным, индикатор-термин.

Мүдделер қақтығысы:

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

Мақаланың тарихы:

Түскен мерзімі: 27.08.2025

Баспаға қабылданған мерзімі: 25.11.2025

Кіріспе

Су – әлемдегі барлық тіршіліктің қайнар көзі. Сусыз өмір жоқ. Адамзат судың қадір-қасиетін ежелгі заманнан ұғынып, ерекше бағалаған. Соған сәйкес әр этностың су туралы ұлттық-мәдени түсінігі қалыптасты. Суды алып күш иесі санап, оған табынды, суға қатысты түрлі ритуалдар пайда болды. Бүкіл адамзатты біріктіретін жазылмаған қағида суды үнемдеу, оны ластанудан қорғау қағидаты қалыптасты. Суды үнемдеудің маңызын арттыру мақсатында БҰҰ шешімімен 22 наурызда дүниежүзілік су ресурстары күні атап өтілсе, ҚР Жаңа Су кодексінде «су қауіпсіздігі», «экологиялық ағын» ұғымы енгізілді (ҚР Су ресурстары және ирригация Министрлігі, 2025). Зерттеу жұмысы ҚР су ресурстарын басқару жүйесін дамытудың 2024-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы (5.1.2 Су ресурстарын тиімді пайдалану саясаты. ҚР үкіметінің 2024 жылғы 5 ақпандағы № 66 қаулысы) және ҚР Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (5.3.6 Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы. ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы) аясында қолданбалы сипатта және гуманитарлық бағытта жүзеге асады. Бұл зерттеу күнделікті тұрмыстық-мәдени қажеттіліктің негізінде туындаған.

Ғылымда су көздерін гидрология саласы зерттесе, гидронимдер суға берілген атаулардың лингвистикалық мәдени семантикасын зерттейді. Гидронимдерді дәстүрлі тарихи, этимологиялық, семантикалық, құрылымдық, тілдік аспектіде жалпы ономастика саласында Y. Qian (2025), H. Bichlmeier (2020), J. King (2008), T. Малыкина (2016), И. Топоркова (2006), Ә. Қайдар, А. Әбдірахманов, Т. Жанұзақов, О. Нақысбеков (1986), Е. Қойшыбаев (1985), К. Каймулдинова (2001), Д. Ксанова (2002), Ж. Бұғыбаева (2021), Қ. Рысберген, Н. Уәли (2023), Ш. Сейітова, Б. Абдыханова (2023), С. Иманбердиева (2024), С. Салихова, М. Атабаева (2025) сынды ғалымдардың ғылыми еңбектері мен мақалаларында қарастырылып келді. Ал қазіргі тіл білімінде «адам – тіл – ұлт» ұштағаны антропоэлекті бағыт аясында зерттеу арқылы атаулардың ұлттық болмысын тану өзекті болып отыр. Себебі қазақ халқы үшін жер мен суға атау беру – тарихи, мәдени және лингвистикалық тұрғыдан терең мағынаға ие құбылыс. Қоғамдық санада өзен, көл, бұлақтар туралы жинақталған эмпирикалық-визуалды түсініктер, адамның сезімі мен танымы арқылы қалыптасқан менталды түсінік *су және өзен* концептісінде вербалданған (Bazarbekov, et al., 2024, p. 358). J. King Шотландиядағы судың физикалық қасиеті мен оған қойылған атауы арасындағы байланысты тілдік, құрылымдық, семантикалық тұрғыдан қарастырады (King, 2008). Malykhina (2016, p. 17) Посемье өңіріндегі гидронимдік номинацияның табиғи жағдайларға, яғни, аймақтағы өсімдік әлемі, суы мен топырағының сапасына, су ағысының ерекшеліктеріне байланысты екенін көрсетеді. Гидронимдердегі дүниенің тілдік бейнесі судың қасиетіне ғана емес, адамның физиологиялық, ойлау әрі психикалық қасиетіне (Топоркова, 2006, с. 270), ұлттық топонимикада кездесетін түр-түсті білдіретін

атауларда халықтың этномәдени, этнопсихикалық ерекшеліктерінің білініп тұруы географиялық нысандарды таңбалауда қалыптасқан этномәдени стереотипке байланысты (Рысберген, т.б., 2023, б. 131).

Ғалымдардың зерттеулеріне шолу жасай отырып, жалпы тіл білімінде гидронимдердің жасалуында ұқсастық бар екендігін байқауға болады. Д. Ксанова қазақ тілі мен АҚШ гидронимдерінің географиялық және климаттық ерекшеліктеріне қатысты зерттеу жүргізіп, АҚШ-та *құдық, суиірім, арық, жар, жартас, шың, төбе, ойық, ойпат* сөздерімен тіркескен гидронимдердің кездеспейтінін анықтаған (Ксанова, 2002, б. 120). К. Каймулдинова қазақ гидронимдеріндегі құдық аттарына қатысты *апан, қауға, құдық, құю, еспе, орпа, шыңырау, шұңқыр* индикатор-терминдерін топтастырса (Каймулдинова, 2001, б. 25), А. Егінбаева бұл индикатор-терминдерді жасанды микрогидронимдер деп қарастырады (Yeginbayeva et al., 2024, p. 97). Бұл зерттеулерде *қазған, түскен, өлген, қырған, кеткен* сөздері арқылы жасалған гидронимдер туралы ақпарат берілмеген.

Құдық тұрмыстық қажеттілік қана емес, мәдени-танымдық феномен ретінде де маңызға ие объект. Құдықты атау кезінде жергілікті ерекшеліктер, наным-сенім, тарихи оқиға, әлеуметтік қатынаспен табиғи орта ескеріліп, тілдік қолданысқа түскен. Құдық қазушы не қаздыртушы бай-бағландардың құрметіне құдықты атау үрдісі кең тараған. Бұл гидроним түзудің өзіндік ұлттық-мәдени үрдісін қалыптастырды. Мысалы, *қазған, қырған, түскен, өлген* есімшелі етістіктерден жасалған жаңа атаулар пайда болды. *Қазған* немесе *қазылған* етістік категориясындағы атаулар, жалпы түркі тілдерінің көбіне ортақ (Қойшыбаев, 1985, б. 141). Тілдік қолданыста құдық қазуға байланысты мақал-мәтелдер, фразеологиялық тіркестер, ырым-тыйымдар, жөн-жоралғылар, салт-дәстүрлер, көркем туындылар мен прецедентті мәтіндер көптеп туындаған. Қазақ халқының мәдени өмірінде гидронимдер тұрмыстық өмірдің бір бөлшегі «сулы жер – нулы жер» деген ұлттық философиясына арқау болған. Ұлт мәдениетінде сулы жер адамға да, малға да, диханшылыққа да жайлы тұрақ саналады. Адам баласының мәдени-тұрмыстық өмірінде су қаншалықты маңызды болса, рухани әлемі мен тілдік жүйесінде гидронимдердің номинативтік, денотаттық, коннотаттық, аксиологиялық мәні де соншалықты басым болады.

Материалдар мен әдістер

Қазақ тіліндегі гидронимдік бірліктерді ұлттық-мәдени код ретінде талдап, халықтың таным-түсінігі, рухани құндылығы, тарихи жадысымен байланысын анықтау мақсатындағы құдық атауларының қалыптасуы, өзіндік мәдени ерекшеліктері мен құдық атауларының астарындағы ұлттық-мәдени кодтың семантикалық мазмұнын зерттеу барысында, лингвистикалық зерттеудің 2 түрлі әдісіне басымдық беріледі. Олар:

1. Терминдік дефинициясын анықтау әдісі (ұғымдардың мазмұнын нақтылау мақсатында қолданылатын теориялық әдіс) гидронимдерді жүйелеуге негіз болатын индикатор-терминдер тізімін құруға мүмкіндік берді.

2. Тілдік бірліктердің лингвомәдени семантикасын талдау әдісі (нақты бір тілдік бірліктердің (сөз, сөз тіркесі, тұрақты тіркес, сөйлем, мәтін үзінділері) ұлттық-мәдени контексте талдауға бағытталған лингвомәдени талдау әдісі). Бұл әдістің көмегімен қазақ тіліндегі гидронимдердің ұлттық-мәдени мазмұнын, атаулардың уәждік негізі, тарихи және мәдени контексте қолданылуы сараланады.

Зерттеу жұмысының негізгі дереккөзі ретінде С. Әбдірахмановтың энциклопедиялық анықтамалығы (2006) мен жер-су аттары сөздігі (Қойшыбаев, 1985) пайдаланылды. Статистикалық лингвистика әдісі арқылы энциклопедиялық анықтамалықтан (Әбдірахманов, 2006) *құдық*, *шыңырау*, *қазған*, *түскен*, *өлген*, *қырған*, *кеткен* индикатор-терминдерімен жасалған гидронимдер іріктеліп алынды. Бұл әдіс Қазақстан аумағындағы 662 гидронимді жинақтауға мүмкіндік берді. Лингвомәдени және этносемантикалық талдау әдісі арқылы гидронимдердің қалыптасу факторы мен атаудың берілу ерекшеліктері талданды. Компоненттік талдау қазақ фольклоры (Бабалар сөзі, 2005; 2010; 2011) мен ақын-жазушылардың (Алшынбай, 2021; Есдәулет, 2009; Шүкіров, 2006) шығармаларынан алынған үзінділерден гидронимдердің қолданыс ерекшелігін, ұлттық-танымдық, мәдени кодын айқындауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер және талқылау

Этнос мәдениетіндегі жер-суға атау беруде тілдің аккумулятивтік қызметі арқылы халықтың санғасырлық мәдени, рухани байлығы, өмір тіршілігі ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, ұлттың болмысы мен дүниетанымы, этникалық мәдениеті көрініс табатыны барлық тілге объективті заңдылық (Қайдар, т.б., 1986, б. 5). Қазақ тіліндегі құдық атауларының қалыптасу ерекшеліктерінің өзіндік этномәдени заңдылықтары бар. Табиғи климаттық ландшафты шөл және шөлейт өңірлерде тұратын қазақтар үшін мал шаруашылығымен айналысудың өзіндік қиындықтарының бірі – малды суаратын суаттың болуы. Малды ұстау, өсіру, мал жаю, оны сақтап қалу, жазда жайлауға, қыста қыстауға көшіп-қону көп күш-жігерді қажет еткен. Сол себепті құдық, арық қазып мал суару, су тарту, халықты ауызсумен қамтамасыз етуде судың өзектілігі жоғары болды. Соған байланысты қазақта «*Ақсақ қой ауыл қасында, я құдық басында*» (Бабалар сөзі, 2010, б. 392), «*Құлындаған биеден құдықтағы су артылмас*» (Бабалар сөзі, 2010, б. 421) сияқты мақал-мәтелдерде халықтың таным-түсінігі репрезенттелген.

Құдық түрі мен қазу ісіне байланысты гидроним тудырушы *құдық* сөзінен басқа, *шыңырау*, *қазған*, *кеткен*, *түскен*, *өлген*, *қырған* индикатор-терминдері қалыптасты. Алайда 1-суретте *құдық* сөзі гидроним тудырушы ең өнімді индикатор-термин екендігі дәлелденді.



Сур. 1. *Құдық* индикатор-терминімен жасалған гидроним саны

Шыңырау сөзі құдықтың тереңдігін, аймақтық ерекшелігін білдіреді. Суы тереңнен шығатын құдықтарды «*шыңырау*» деп атады. Зерттеу барысында *шыңырау* индикатор-термині негіз болған Маңғыстау облысында – 10, Ақтөбе облысында – 5, ОҚО-да – 3, Қостанай облысында 1 құдық атауы (2-сур.) анықталды.



Сур. 2. *Шыңырау* индикатор-терминімен жасалған гидроним саны

Қазған индикатор-термині құдықшының не құдықты қаздырған адамның құрметіне қойылған. Су тапшылығы бар аймақтарда халыққа су көзін табумен қатар құдық қаздыруды ауқатты адамдар «қайырымды іс» деп санаған. Екінші жағынан, қоғамдағы өз беделін арттыру, халықтың құрметіне бөленуге мүмкіндік беретін меценаттық шара болған. Құдық қаздыртқан дәулетті адамдар құдықшыға еңбегі үшін ақы төлеген. Маңғыстау халқында көптеген құдықшылар туралы аңыз, тарихи әңгіме сақталған, құдыққа байланысты сөздер мен сөз орамдары жеткілікті. Құдықшыға құрмет көрсетіп, құдықты құдық қазушының атымен атау дәстүрі де кеңінен тараған. Мысалы, Маңғыстау жеріндегі Қараш Бейнеубайдың құрметіне – *Қарашқазған*, Бегей Мәміштің құрметіне – *Мәмішқазған*, Шолақ Ерше Исанұлының құрметіне – *Шолаққазған құдығы* (Қондыбай, 2008, б. 80). Бұл атаулар өзіндік прецеденттік мәнге ие болып, ел ішінде күні бүгінге дейін тілдік-тарихи дерек ретінде кең тараған. *Қазған* индикатор-терминімен жасалған гидронимдердің ең көбі, 4-суретте көрсетілгендей, Қызылорда облысында кездеседі. Жалпы саны – 16, Маңғыстау облысында – 14, ОҚО-да – 8, Қарағандыда – 2, ШҚО-да 1 құдық атауына негіз болған.



Сур. 4. *Қазған* индикатор-терминімен жасалған гидроним саны

Адам атымен бірге құдық басында болған оқыс оқиға не трагедияға байланысты атаулар да қалыптасып отырған. *-ған, -ген, -қан, -кен* есімшелері арқылы жасалған жер-су аттары сол жердегі іс-әрекет, жағдай, белгілі бір оқиғадан мағлұмат беріп (Бұғыбаева, 2021, б. 175), күнделікті әлеумет тұрмысында орын алатын оқиғалар *Бұзауөлген, Ешкіқырған, Ешкіөлген* сияқты атауларда *ескерту, қорғау* мәнінде сақталған (Иманбердиева, 2024, б. 46). Қазақ халқы мұндай атауларды сақтану үшін қойған. Келесіде бұл жерлерден байқап, сақтықпен жүретін болған. Осыған орай, *қазған, өлген, кеткен, қырған* сөздері бұл жұмыста индикатор-термин ретінде қарастырылады. Себебі қазақ тіліндегі гидронимдердің ұлттық-мәдени сипатын аша отырып, термин жасауда белсенді қолданылған. Қызылорда облысында – 4, Маңғыстау облысында 2 құдық атауы анықталды (5-сур.).



Сур. 5. *Кеткен, түскен, қырған, өлген* индикатор-терминдерімен жасалған гидроним саны

Мал шаруашылығын қалыптастырып дамытуда табиғи сулар, су көздері, суаттар үлкен рөл атқарған, оларды пайдалану маңызды болған, олардың атауларында судың сапасы, тереңдігі, таяздығы, т.б. суға қатысты этномәдени ақпарат сақталған (Салихова, т.б., 2024, б. 95). 1-кестеде қазақ тіліндегі құдық атауларының қалыптасуында осы белгілер ұлттық-мәдени кодты ашатын негізгі критерий ретінде талданады.

Кесте 1. Қазақ тіліндегі құдық атауларының қалыптасу

Қалыптасу факторлары	Гидронимдер	Атаудың берілу уәжі
Перцептивті белгілеріне байланысты	Ащықұдық, Тұщықұдық, Сасыққұдық, Тасқұдық, Тереңқұдық, Сорқұдық, Құрғаққұдық, Ыстыққұдық, Суыққұдық, Жаманқұдық	Аймақтың не судың табиғи минералды құрамындағы ерекшеліктері номинативтік таңбаның туындауына себеп болған. Су құрамындағы минералды сипаты этностың дүниетанымдық әлеміндегі ұғым-түсініктеріне сай атаулармен аталуы арқылы ел ішіндегі тілдік қолданысы басымдыққа ие болған.

Наным-сенімге байланысты	Қарақұдық, Жетіқұдық, Қандықұдық, Шынәулиеқұдық, Әулиеқұдық (Әбдірахманов, 2006).	Халық фольклорындағы эпикалық оқиғалар мен тарихи жағдаяттар негізінде пайда болып, өзіндік мистикалық мәнге ие болу үрдісі этнос мәдениетінде жиі кездесетін процесс саналады.
Тарихи-этникалық фактор	Құрмашқұдық, Есіркепқұдық, Исламқұдық, Мәнеқұдық, Найманқұдық, Ноғайқұдық (Әбдірахманов, 2006).	Этнос мәдениетінде кейбір құдық атаулары адам, ру-тайпа аттарына (иелік мәнге) байланысты аталу үрдісі орныққан. Кісі не ру атауларымен таңбаланған құдық атаулары белгілі бір тарихи уақытта сол объектінің нақты меншіктік мәні бар екендігімен қатар, уақыт өте келе сол аймақтың тұтастай атауына ие болуы этнос өкілдерінің тілдік таңбалық қолданысының негізінде туындаған.
Құдық қазушы не қаздырушыға байланысты (қазған есімшелі етістігі арқылы)	Орысқазған, Ниязқазған, Қарашқазған, Мамышқазған, Қатынқазған, Қаленқазған, Қожақазған, Қалмаққазған (Әбдірахманов, 2006).	Объекті мен субъектінің тікелей байланысын көрсету үшін қойылған атаулар уақыт өте келе тілде тұрақты қолданысқа еніп, құдық атауының хронологиялық, семантикалық, этникалық көрсеткішіне айналуы дүниенің гидронимдік бейнесін қабылдаудың қарапайым үрдісі саналады. Этнос мәдениетінде атау берудің сол объекті айналасындағы жағдаяттар мен оқиғаларға, дербес ерекшеліктеріне байланысты ұжымдық келісімнің негізінде берілген атаулар анағұрлым өміршең болып келеді.
Құдықтың тереңдігіне байланысты (шыңырау)	Шыңырау, Ұзыншыңырау, Ақшыңырау, Бесшыңырау, Қосшыңырау, Нақаншыңырау, Тақыршыңырау (Әбдірахманов, 2006).	Этнос мәдениетіндегі құдық атаулары олардың көлемі, тереңдік, өлшемдік, сандық, сапалық табиғи ерекшелігімен де өзіндік тілдік тұрғыдан коннотативтік әрі аксиологиялық сипатқа ие болады. Сол арқылы олардың этнос мәдениетіндегі техникалық, атауыштық, өлшемдік, географиялық болмысын, тілдік атауын да тануға болады.

Тарихи оқиғаларға байланысты (кеткен, түскен, өлген, қырған есімшелі етістіктері арқылы)	Тайлақкеткен, Балтакеткен, Тағайбектүскен, Нарөлген, Бұзауөлген, Ешкіқырған (Әбдірахманов, 2006).	Құдыққа қатысты тікелей не жанама жағдайда орын алған жағымды-жағымсыз, трагедиялық, сатиралық, комедиялық, ирониялық, эмоционалдық келеңсіз жағдаяттарға байланысты құдық атаулары ескерту, әжуалау, сақтандыру сипаттағы мәнге ие болып, өзіндік аккумулятивтік те қызмет атқарады.
---	---	---

Қазақ тіліндегі құдық атаулары арқылы ұлттық-мәдени кодтың өзіндік этникалық мәні басым болады. Судың пайда болуы туралы қазақ аңыздарында екі түрлі түсінік бар. Бірі, су – көз жасынан, екіншісі, көл, бұлақ (су) ана сүтінен пайда болған (Sadirova et al. 2025, p. 249). Ал сол суға берілген атау халықтың дүниетанымы, мәдениеті, климаты, географиялық жер жағдайымен, тарихымен астасып жатады. Осыған сәйкес этномәдениет өкілдері гидронимдерді өлең-жырға тарихтың жыршысы ретінде арқау ете отырып, жан тебіренісін поэтикалық образды туындылармен жеткізген. 2-кестеде құдық атауларының поэтикалық мәтіндегі ұлттық танымның поэтикалық вербалдану көрінісі талданған. Тарихи оқиға орнын белгілеуде гидронимдер символ ретінде сипатталып, сол атаудың шығу тарихын баяндау арқылы шежірелік мәнділіктерге де ие болады.

Кесте 2. Гидронимдердің ұлттық-танымдық кодының поэтикалық мәтіндегі көрінісі

Танымдық сипаты	Тілдік бірліктердегі көрінісі	Индикатор-терминдік атауы	Гидронимдік атаулардың лингвистикалық сипаты
Табиғат пен адам жанының үндесуі	<i>Құдық жаны – тұнық су, талқан болмай қайтеді, тастан ауыр түкірік, қауып түссе жүрегін? Керуендерді кенелткен Шөлейттегі шыңырау, сырты аптап, іші сыз, менің жаным секілді</i> (Есдәулет, 2009, б. 241).	Құдық, шыңырау	Құдық, тұнық су, шөлейттегі шыңырау

Табиғат пен тарихтың үндестігі	<i>Қу адасқан соңоу жылғы тұманнан, Қызылкөшен аспанынан күн ауған, Құдық басы жатыр ескі шығыры, Бір дәуірдің сүйегіндей қуарған. Қасым өткен өткел бермес өзеннен, Қасым асқан асу бермес кезеңнен. Күтіп жатыр Аманжолдың құдығы Көкке қарап еріндері кезерген (Алшынбай, 2021).</i>	Құдық	Құдық, шығыр, өзен, Аманжол құдығы
Қауіптің, жамандықтың бастауы	<i>«Қызыма сәлем айт, Сорқұдықтың басына көшін қондырмасын, қондырса, кесір болады» (Бабалар сөзі, 2011, б. 15).</i>	Құдық	Сорқұдық
Мекенжай орнын белгілеу	<i>Солтай да қой мен құмның жиегінде, Өзеннің Қорақатын түбегінде. Құдық бар Қатынқазған деп атайтын, Белгілі үлкен құдық Шу еліне. Құдыққа Сауыт шаршап келді жақын, Дер еді Қатынқазған құдық атын (Бабалар сөзі, 2005, б. 232).</i>	Қазған	Өзен, құдық, Қатынқазған
Тіршілік көзі	<i>Домалақтың суы кермек, мал суаруға болмаса, адам ішуге жарамайтын еді. Ауылдың терістік жағы құм, онда Күржібай қазған құдық бар (Шүкіров, 2006, б. 70).</i>	Қазған	Домалақтың суы, Күржібай қазған

Этностың мәдени тұрмысында құдықты мал шаруашылығы мен ауызсу көзі ретінде кеңінен пайдаланған. Қазіргі кезде құдық қазу үрдісі ғылыми-техникалық инновацияларға байланысты трансформациялық тұрғыдан өзгеріске түскен. Осыған

байланысты құдық қазу ісіне қатысты бұрынғы дәстүрлер мен жол-жоралғылар ұмыт бола бастаған. Қазақ тіліндегі құдық атауларының қалыптасу ерекшелігі мен оның ұлттық-мәдени коды – халықтың табиғатпен үйлесімді тіршілік тәжірибесін, тарихи оқиғалар мен жеке тұлғалардың есімін сақтау, «судың да сұрауы барын» ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуге бағытталады.

Н. Bichlmeier жасанды көл атауларында көптеген антропоним мен топонимнің кездесетінін айтады (Bichlmeier, 2020, p. 127). Ғалым оның себебін атаудың сол көлдерді қаздыртқан, иелік еткен не мекен еткен адамның құрметіне қойылған болуы мүмкін деп түсіндіреді. Ү. Qian Қытай жеріндегі өзен мен көлдердің атақты тұлғалар мен тарихи оқиғаның, кезеңнің атымен берілуі су нысандары мен жергілікті тарихтың арасындағы терең байланысты көрсететінін айтады (Qian, 2025, p. 119). Алтай өңіріне қарасты гидронимдердің үлкен бөлігі де антропотопонимдерден құралған, оған жерге иелік еткен шаруалар, помещик, кулак, патша өкіметі қайраткерлерінің есімдері, тегі негіз болған (Сейітова, 2023, б. 178).

Құдық қазу – су көзін табу қажеттілігінен туындаған кәсіп. Құдық қазу – өте ауыр әрі қауіпті жұмыс, сондықтан көбінесе құлдарға құдық қаздыртты. Кез келген адам құдық қазудың әдіс-тәсілін білмеді, құдық қазудың дәстүрлі әдіс-тәсілдерін меңгерген құдықшылардың еңбегіне тәуелділік (Қартаева, т.б., 2018, б. 5) болды. Этностың мәдени тұрмыстық өмірінде құдықшының еңбегін жоғары бағалап, құдық ақысын өтеудің өзіндік жол-жоралғысы орныққан. Құдықтарды қазған адамның атымен атау қазақ халқының адамның еңбегі мен шеберлігін жоғары бағалауының нәтижесінде туындаған. Мысалы, *«Шөлге құдық қазған сауап»* (Бабалар сөзі, 2010, б. 184), *«Бір кісі қазған құдықтан мың кісі су ішеді»* (Бабалар сөзі, 2010, б. 357) деген мақалдарда адамның еңбегін бағалау керектігі интерпретацияланған.

Қазақ тіліндегі құдық атауларының қалыптасу ерекшеліктері ұлттық тәжірибе мен ұжымдық жадының нәтижесі ретінде тек су көзі емес, халықтың өмір сүру салты, тарихы мен дүниетанымының бейнесі ретінде қызмет ететіндігін көрсетеді. Құдық атаулары халықтың табиғатпен үйлесімді өмір сүру тәжірибесін, тарихи оқиғалар мен жеке тұлғалардың есімін сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу қызметін атқарады. Бұл атауларда халықтың экологиялық, рухани, тарихи-әлеуметтік танымы көрініс табады. Құдық атаулары – қазақ халқының ұлттық-мәдени кодын бейнелейтін маңызды лингвогеографиялық мәдени мұра.

Қорытынды

Жалпы қазақ тіл білімінде көне түркі, араб-парсы, орыс тілінен жасалған жер-су атаулары көптеп кездеседі. Мақалада қарастырылған гидронимдердің құрамындағы индикатор-терминдер қазақтың ұлттық сөздік қорынан алынған. Зерттеу жұмысына негіз болған индикатор-терминдер этностың өзіне тән қарапайым тілдік бірліктерімен жасалған. Халық жер-суға атау беруде күнделікті тұрмыс-тіршілігінде танып білген, тілдегі бар қарапайым бірліктерді қолдану арқылы гидроним жасаған. Кісі не мекен еткен ру-тайпа аттарына *құдық*, *шыңырау*, *қазған* сөздерін тіркестіру арқылы өзіне тиесілі шекараны белгілеп, иелік атау қалыптастырады. *Шыңырау*, *құдық* сөздері арқылы географиялық орны мен судың табиғи ерекшеліктерін көрсетеді. Тарихи-әлеуметтік оқиға болған мекенжайға *кеткен*, *түскен*, *өлген*, *қырған* сөздерін тіркестіру арқылы ескерту, сақтық

шараларын қалыптастырады. Бұл құрылым қазақтың өзіндік терминжасам тәсілі және құдық атаулары қолданысының этнос дүниетанымына тән аялық білімінің көрсеткіші саналады. Яғни, этностың когнитивтік санасында гидронимдік бірліктер әлем бейнесін қалыптастырушы компонент бола отырып, гидронимдер халық танымының ұлттық-мәдени болмысын көрсететін категория саналады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- Бұғыбаева Ж. Сөз таптарының топонимжасам жүйесіндегі орны // Ясауи университетінің Хабаршысы. №1 (119). 2021. Б. 172–182. URL: <https://journals.ayu.edu.kz/index.php/habarshy/article/view/44/39> (қаралған күні: 21.07.2025).
- Иманбердиева С.Қ. Зоотопонимдер – әлеуметтік-психологиялық код ретінде // Тілтаным. № 2(94). 2024. Б. 42–51. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-2-42-51>
- Каймулдинова К. Қазақ топонимдерінің этноэкологиялық негіздері. Алматы: Ғылым, 2001. 92 б.
- Ксанова Д.М. Функциональность и прототипичность морфологического генезиса как фактора формирования внутренней формы гидронимов (сравнительно-сопоставительное исследование). Дис. ... докт. философии (PhD). Астана: ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2002. 153 с.
- Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация Министрлігі. Баспасөз бөлімі. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/water/press/article/details/206645?lang=kk> (қаралған күні: 21.07.2025).
- Қайдар Ә., Әбдірахманов А., Жанұзақов Т., Нақысбеков О. Қазақ ономастикасының мәселелері. Алматы: Ғылым, 1986. 136 б.
- Қартаева Т., Бексеитов Г., Оспанов Е. Су культі. Алматы: Қазақ университеті, 2018. 158 б.
- Қондыбай С. Маңғыстау географиясы. Маңғыстау мен Үстірттің киелі орындары. Алматы: Арыс, 2008. 288 б.
- Рысберген К., Уәли Н. Халықтық топонимдердегі ақ және қара түстердің мәдени тілдік семантикасы // ЕГИ Хабаршысы. 2023. №1. Б. 128–142. <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-1.10>
- Салихова С.Қ., Атабаева М.С., Каймаз З. Жетісу гидронимдерінің көнетүркілік қабаты жайында // Тілтаным. № 4 (96). 2025. Б. 90–98. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-4-90-98>
- Сейітова Ш.Б., Абдыханова Б.А. Гидроним атауларының семантикалық құрамы (ШҚО, Алтай өңіріне қарасты гидроним атаулары негізінде) // Тілтаным. № 3 (91). 2023. Б. 173–183. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2023-3-173-183>
- Топоркова И.В. Гидронимы с компонентами перцептивного восприятия // Вестник ТГУ. Серия Филология. №2 (42). 2006. С. 270–272.
- Bazarbekov, B., Tleuberdiev, B., Kulanova, S., Roziyeva, D. & Khussainova, G. (2024). Exploring the Linguistic and Conceptual Landscape: The Case of the Toponym ‘Saryarka’ in Kazakh Cultural Discourse. *International Journal of Society, Culture & Language*, 12(1), 353–361. <https://doi.org/10.22034/ijsc.2024.2018478.3310>
- Bichlmeier, H. (2020). The Morphology of Lithuanian Toponyms – Differences and Parallels of Different Classes of Names. *Acta Linguistica Lithuanica*, 82, 117–138. <https://doi.org/10.35321/all82-06>

- King, J. (2008). *Analytical Tools for Toponymy: Their Application to Scottish Hydronymy*. A Thesis Submitted for the Degree of Doctor of Philosophy. University of Edinburgh.
- Malykhina, T.M., Pisareva, L.E., Larina, L.I., & Pravednikova, T.V. (2016). The principles of naming of Posemye hydronyms. *Russian linguistic Bulletin*, 4(8), 17–20. <https://doi.org/10.18454/RULB.8.18>
- Qian, Y. (2025). Explore how hydronyms differ across various Chinese dialects and regions. *Oriental renaissance: Innovative, educational, natural and social sciences*, 5(20), 118–120. <https://doi.org/10.5281/zenodo.14875402>
- Sadirova, K., Zhazykova, R. & Khussainova, L. (2025). Mythical content of hydronyms. *Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages*, 2(77), 244–259. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.2.77.014>
- Yeginbayeva, A., Saparov, K., Abdullina, A., Zhensikbayeva, N., Atasoy, E. & Keikin, Y. (2024). Hydrographic names and terms of Saryarka. *Bulletin of the L.N.Gumilyov ENU*, 3(148), 93–110. <https://doi.org/10.32523/2616-6771-2024-148-3-93-110>

Дереккөздер

- Алшынбай Е. Қарқаралы ғазалдары. URL: <https://madeniportal.kz/article/6361> (қаралған күні: 21.05.2025).
- Әбдірахманов С. Жеріңнің аты – Еліңнің хаты. Алматы: Аруна, 2006. 808 б.
- Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т. 75: Батырлық ертегілер. Астана: Фолиант, 2011. 424 б.
- Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т. 22: Ғашықтық дастандар. Астана: Фолиант, 2005. 304 б.
- Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т. 65: Қазақ мақал-мәтелдері. Астана: Фолиант, 2010. 488 б.
- Есдәулет Ұ. Ынтық зар. Алматы: Атамұра, 2009. 368 б.
- Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. Алматы: Мектеп, 1985. 256 б.
- Шүкіров З. Сыр бойы: Тарихи роман. Т. 1. Алматы: Қайнар, 2006. 432 б.

References

- Bazarbekov, B., Tleuberdiev, B., Kulanova, S., Roziyeva, D. & Khussainova, G. (2024). Exploring the Linguistic and Conceptual Landscape: The Case of the Toponym ‘Saryarka’ in Kazakh Cultural Discourse. *International Journal of Society, Culture & Language*, 12(1), 353–361. <https://doi.org/10.22034/ijscel.2024.2018478.3310>
- Bichlmeier, H. (2020). The Morphology of Lithuanian Toponym – Differences and Parallels of Different Classes of Names. *Acta Linguistica Lithuanica*, 82, 117–138. <https://doi.org/10.35321/all82-06>
- Bugybayeva, Zh. (2021). Soz taptarynyn toponimzhasam zhuiesindegi orny [The Role of a Part of Speech in the System of Toponym Formation]. *Yasaui universitetinin Habarshysy*, 1(119), 172–182. (in Kaz.). Retrieved 21 July 2025 from <https://journals.ayu.edu.kz/index.php/habarshy/article/view/44/39>
- Imanberdieva, S.K. (2024). Zootoponimder – aleumettik-psikhologiyalyk kod retinde [Zootoponyms as a socio-psychological code]. *Tiltanym*, 2(94), 42–51. (in Kaz.). <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-2-42-51>
- Kaidar, A., Abdirakhmanov, A., Zhanuzakov, T. & Nakysbekov, O. (1986). *Kazakh onomastikasyнын maseleleri* [Problems of Kazakh onomastics]. Gylym. (in Kaz.).
- Kaimuldinova, K. (2001). *Kazakh toponimderinin etnoekologiyalyk negizderi* [Ethnoecological foundations of Kazakh toponymy]. Gylym. (in Kaz.).

- Kartaeva, T., Bekseitov, G. & Ospanov, E. (2018). *Su kul'ti* [Water cult]. Kazakh universiteti. (in Kaz.).
- Kazakhstan Respublikasy Su resurstary zhane irrigatsiya Ministrigi. Baspasoz bolimi [Ministry of Water Resources and Irrigation of the Republic of Kazakhstan. Press room]. Retrieved 21 July 2025 from <https://www.gov.kz/memleket/entities/water/press/article/details/206645?lang=kk> (in Kaz.).
- King, J. (2008). *Analytical Tools for Toponymy: Their Application to Scottish Hydronymy*. A Thesis Submitted for the Degree of Doctor of Philosophy. University of Edinburgh.
- Kondybai, S. (2008). *Mangystau geografiyası. Mangystau men Ustirttin kieli oryndary* [Geography of Mangistau. Sacred places of Mangistau and Ustyurt]. Arys. (in Kaz.).
- Ksanova, D. (2002). *Funktsional'nost' i prototipichnost' morfologicheskogo genezisa kak faktora formirovaniya vnutrenney formy gidronimov (sravnitel'no-sopostavitel'noe issledovanie)* [Functionality and prototypicality of morphological genesis as a factor in the formation of the internal form of hydronyms (comparative study)]. Dis. ... dokt. filosofii (PhD). Astana: ENU im. L.N. Gumileva (in Russ.).
- Malykhina, T.M., Pisareva, L.E., Larina, L.I., & Pravednikova, T.V. (2016). The principles of naming of Posemye hydronyms. *Russian linguistic Bulletin*, 4(8), 17–20. <https://doi.org/10.18454/RULB.8.18>
- Qian, Y. (2025). Explore how hydronyms differ across various Chinese dialects and regions. *Oriental renaissance: Innovative, educational, natural and social sciences*, 5(20), 118–120. <https://doi.org/10.5281/zenodo.14875402>
- Rysbergen, K. & Uali, N. (2023). Halyktyk toponimderdegi ak zhane kara tusterdin madeni tildik semantikasi [Cultural linguistic semantics of white and black in folk toponyms]. *EGI Habarshysy*, 1, 128–142. (in Kaz.). <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-1.10>
- Sadirova, K., Zhazykova, R. & Khussainova, L. (2025). Mythical content of hydronyms. *Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages*, 2(77), 244–259. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.2.77.014>
- Salihova, S.K., Atabaeva, M.S. & Kaymaz, Z. (2025). Zhetysu gidronimderinin koneturkilik kabaty zhayynda [On the ancient turkic stratum of hydronyms in Zhetysu]. *Tiltanym*, 4(96), 90–98. (in Kaz.). <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-4-90-98>
- Seitova, Sh.B. & Abdykhanova, B.A. (2023). Gidronim ataularynyn semantikalyk kuramy (ShKO, Altai onirine karasty gidronim ataulary negizinde) [Semantic composition of hydronyms (based on hydronymy of EK, Altai district)]. *Tiltanym*, 3(91), 173–183. (in Kaz.). <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2023-3-173-183>
- Toporkova, I.V. (2006). Gidronimy s komponentami pertseptivnogo vospriyatiya [Hydronyms with components of perceptual perception]. *Vestnik TGU. Seriya Filologiya*. 2(42), 270-272. (in Russ.).
- Yeginbayeva, A., Saparov, K., Abdullina, A., Zhensikbayeva, N., Atasoy, E. & Keikin, Y. (2024). Hydrographic names and terms of Saryarka. *Bulletin of the L.N. Gumilyov ENU*, 3(148), 93–110. <https://doi.org/10.32523/2616-6771-2024-148-3-93-110>

Sources

- Abdirakhmanov, S. (2006). *Zherinnin aty – Elinnin khaty* [The name of your land is the letter of your country]. Aruna. (in Kaz.).
- Alshynbai, E. *Karkaraly gazaldary* [Ghazals of Karkaraly]. Retrieved 25 May 2025 from <https://madeniportal.kz/article/6361> (in Kaz.).
- Babalar sozi: Zhuztomdyk. (2011). *Batyrlыk ertegiler* [Heroic tales] (Vol. 75). Foliant. (in Kaz.).
- Babalar sozi: Zhuztomdyk. (2005). *Gashyktyk dastandar* [Love epics] (Vol. 22). Foliant. (in Kaz.).
- Babalar sozi: Zhuztomdyk. (2010). *Kazakh makal-matelderi* [Kazakh proverbs] (Vol. 65). Foliant. (in Kaz.).
- Esdaulet, U. (2009). *Yntyk zar* [Passionate cry]. Atamura. (in Kaz.).
- Koishybayev, E. (1985). *Kazakhstannyn zher-su attary sozdigi* [Dictionary of place names in Kazakhstan]. Mektep. (in Kaz.).
- Shukirov, Z. (2006). *Syr boiy* [Along the Syr River] (Vol. 1). Kainar. (in Kaz.).

С.А. Жиренов, Г.А. Оразова

*Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Алматы, Казахстан*

НАЦИОНАЛЬНО-КУЛЬТУРНАЯ СЕМАНТИКА ГИДРОНИМИЧЕСКОЙ НОМИНАЦИИ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

Аннотация. В современной отечественной лингвистике приоритет отдается исследованиям, направленным на познавательное, национальное и культурное осмысление языка. Анализ отдельных номинативных единиц лексической системы в рамках антропоцентрической парадигмы позволяет раскрыть код (смысловые глубины) национально-культурных категорий и понять их содержание, открывая путь к «познанию мира через язык». Одним из фрагментов окружающего мира и объектов номинации в лексической системе являются гидронимы. Гидронимы в языке представляют собой важный лингвистический источник, хранящий многовековую историю и культуру народа. Изучение гидронимов в когнитивном, национально-культурном контексте позволяет понять отношение народа к природе, его культурные ценности и языковую специфику. Это исследование способствует осмыслению национальной идентичности, культурного наследия и глубокому пониманию взаимосвязи языка и культуры. В статье рассматриваются гидронимы, образованные от слова «құдық» (колодец), отражающие национально-культурные особенности казахского народа; выявляются и анализируются индикатор-термины «шыңырау», «қазған», «қырған», «түскен», «өлген», послужившие основой для номинации «құдық». Цель исследования – проанализировать гидронимы казахского языка как национально-культурный код и показать их связь с народным мировидением, духовными ценностями и исторической памятью. В ходе исследования выявлено 564 гидронима, образованных от индикатор-термина «құдық» на территории Республики Казахстан, которые анализируются через языковые единицы, отражающие этнокультурные особенности. Также рассматриваются географическое распространение гидронимов, образованных от термина «құдық», и их роль в повседневной жизни народа и художественных

текстах. Результаты исследования могут внести вклад в защиту и сохранение национальных наименований, а также в популяризацию культурного наследия в области геолингвистики и лингвокультурологии.

Ключевые слова: гидроним, номинация, кұдық, языкознание, индикаторный термин.

S.A. Zhirenov, G.A. Orazova
Abai Kazakh National Pedagogical University
Almaty, Kazakhstan

NATIONAL-CULTURAL SEMANTICS OF HYDRONYMIC NOMINATION IN THE KAZAKH LANGUAGE

Abstract. In modern domestic linguistics, research aimed at studying language from cognitive and national-cultural perspectives has become a priority. Examining individual nominative units within the lexical system through the lens of the anthropocentric paradigm makes it possible to decode the national-cultural categories and interpret their underlying meanings, thus opening the way to “understanding the world through language.” Hydronyms, as names of objects in the surrounding environment, constitute an integral part of the lexical system. In the language, hydronyms serve as linguistic sources that preserve the centuries-old history and culture of the nation. Studying hydronyms in a cognitive and national-cultural context provides insight into a people’s relationship with nature, its cultural values, and linguistic specificity. This research contributes to understanding national identity, cultural heritage, and the interconnectedness of language and culture. The article examines hydronyms derived from the word “kudyk” (‘well’), which reflect the national and cultural characteristics of the Kazakh people. It identifies and analyzes the indicator terms “shynyrau”, “kazgan”, “kyrgan”, “tusken”, “olgen,” which served as the basis for the nomination of “kudyk”. The purpose of the study is to analyze hydronyms in the Kazakh language as a national-cultural code and to demonstrate their connection with the worldview, spiritual values, and historical memory of the people. In the course of the study, 564 hydronyms formed from the indicator term “kudyk” within the territory of the Republic of Kazakhstan were identified and analyzed through linguistic units that reflect ethnocultural characteristics. The article also explores the geographical distribution of hydronyms based on the term “kudyk,” as well as their role in the daily life of the people and in literary texts. The results of the study can contribute to the fields of geolinguistics and linguoculturology, supporting the preservation and protection of national names and the promotion of cultural heritage.

Keywords: hydronym, nomination, kudyk, linguistics, indicator term.

Авторлық үлестер

Жиренов С.А. – тұжырымдама, әдіснама, деректерге жетекшілік ету, қадағалау, тексеру, толықтыру.

Оразова Г.А. – хат: бастапқы жоба, жобаны әкімшілендіру, әдіснама, жазу – шолу және редакциялау, ресурс.